



ЕҢБЕК КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС ЕКІ
ЖЕРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ БОЛА МА?

2



ЖАСТАРҒА КІТАП ОҚЫТУДЫҢ
ТИІМДІ ТӘСІЛІ БАР

3



№38-39 (731). 17 қазан, 2025 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады

Гүлнара Өстемірқызы – қоғам белсендісі әрі кәсіби медиатор. Сонымен бірге қайырымдылық істердің жаршысы. Қырық жылдан астам уақыт өмірлік қиындықтарға тап болған жандарға жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Бүгінде мұқтаждарға демеу болып, түрлі әлеуметтік жобалар мен игі бастамалардың басы-қасында жүр.

Қоғамдық жұмыстардың ешбірінен тыс қалмай, ел игілігі жолында атқарған еңбегінің арқасында «Ерен еңбек иесі», «Ұлағатты әже», «Аяулы әже», «Домалақ ана», «Ел қалаулысы», «Кентау қаласының жанашыры», «Халық алғысы», «Кәсіподаққа еңбегі сіңген» т.б. төсбелгілерімен марапатталған. Бірнеше рет Түркістан облыстық және Сауран аудандық әкімдіктерінің, «AMANAT» партиясының Алғыс хаттарын алды. Сауран ауданының «Жыл үздігі», «Үздік еңбек адамы» атанған. Сауран ауданының Құрметті азаматы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 2020 жылдан бері Сауран аудандық Оранғай ауылдық округінде әлеуметтік қызметкер болып жұмыс атқарады.



ЖҮРЕГІ КЕҢ, ЖАНЫ ЖОМАРТ

ӘКЕ АМАНАТЫН АБЫРОЙМЕН АРҚАЛАҒАН

Гүлнара Өстемірқызы әжесінің қолында өскен. Былайша айтқанда, кемпірдің баласы. Әжесінің тәрбиесі оған мейірімділікті, үлкенге ізеттілік пен кішіге қамқорлықты үйретті. Есейе келе бұл асыл қасиеттер оның бүтін болмысына айналғандай болды.

– Әжем жайлы естеліктер ерекше жадымда қалыпты. Атамыз сонау 1941 жылы сұрапыл соғысқа аттанғанда ол кісінің екінші перзентіне аяғы ауыр екен. Ал әкем небәрі үш жаста болыпты. Арада бір жыл өткенде қара қағаз келіп, соғыстан қаралы хабар жеткен соң әжеміз балаларын жалғыз өзі бағып-қағып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай жеткізеді.

Әжем әкемді ерте үйлендірген. Анамыз небәрі он бес жасында табалдырық аттапты. Екеуінен он үш бала дүниеге келгенімен екі бала ертеректе шетінеп кетеді. Бүгінде соның он бірі – алты ұл мен бес қыз түгел өсіп-жетілді, әрқайсысы өз алдына бір отау.

Мен – өулеттің төртінші перзентімін. Әжем мені және тұңғыш немересі – ағамды өз бауырына басқан. Біз үшін әжеміздің мейірімі ерекше еді. Бар тап-

қан-таянғанын аузымызға тосатын. Әженің меншігіндегі бала болған соң әке-шешеміз бізге аса жақындай бермейтін, содан да болар оларға тап бір аға-жеңгеміз сияқты қарадық. Ата-анамыз өте қарапайым жандар еді. Әкем темірден түйін түйген ұста болатын. Әрі трактор жүргізетін. Күн демей, түн демей колхоздың жерін жыртып, маңдай терімен нәпақасын тапты. Нағыз қара жұмыстың адамы еді. Еңбексүйгіштігі мен еті тірілігінің арқасында партияның көзіне түсіп, коммунист атанды. Бұған қоса музыкалық аспаптардың біразын еркін меңгерген өнері бар-тын. Сол өнері кіндігінен тараған алты ұлына дарыды. Әкем 11 ұл-қызынан 45 немере, 16 шөбере көріп, осыдан бес жыл бұрын, 81 жасқа қараған шағында дүние салды.

Ал анам болса өте ісмер жан еді. Қыздан жалғыз болатын. Сегіз жасында анасынан айырылып, жастайынан жетімдіктің тауқыметін тартқаннан шығар, әйтеуір барлық тірлікке епті болды. Қолынан келмейтіні жоқ: кілем тоқитын, киіз басатын, киім тігетін. Осы істерде ауылдастарына да қолғабыс ететін. Келін болып түскен соң колхоздың мақтасын теріп, бел жазбай еңбек етті. Әкініштісі, анам өмірден ертерек озды. 53 жасында о дүниелік болып кете барды.

(Жалғасы 4-бетте).



САЛЫҚ КОДЕКСІ КҮШІНЕ ЕНГЕН СОҢ 300 МЫҢҒА ЖУЫҚ КОМПАНИЯ ЖАБЫЛАДЫ

Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин Қазақстанда жаңа салық кодексі күшіне енген соң бизнес жаппай жабылады деген болжамға қатысты ойын айтты. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Журналистер вице-министрден Ұлттық экономика министрлігі кей сарапшылардың жаңа салық кодексі күшіне енген соң бизнес жаппай жабылып, кейбір кәсіпкерлер өз қызметін Өзбекстанға көшіруі мүмкін деген болжамына дайын ба деп сұрады.

"Бизнес жабылады, бұл сөзсіз. Біз бұл туралы бірден айтқанбыз. Бірақ жабылатындар – дәл сол бөлшектенген бизнес. Енді бизнесің бөлшектенуіне құқықтық негіз де, мүмкіндік те болмайды. Сондықтан шамамен 300 мың компания жабылады деп алдын ала есептеп отырмыз. Өйткені олардың құрылуының енді мәні жоқ, жаңа жағдайда тиімдірек шарттар жасалады", – деді Әмрин.

Оның айтуынша, жаңа салық реформасы бизнес құрылымын бөлшектеуге жол бермейді.

"Бұрын не болып еді және неге реформа қажет болды? Бір салық төлеуші өз қызметкерлерінің атына бірнеше компания ашып, бірдей табыстар көрсететін жағдайлар көп болды. Яғни, бизнесті жасанды түрде ұсақ компанияларға бөлу болды. Басқа жағдайларда кәсіпкерлер ҚҚС шегіне дейін табыс жинап, содан кейін жаңа компания ашатын. Мысалы, табысы 83 млн. теңгеге жеткенде жаңа заңды тұлға тіркеп, салықтан жалтарып отырды. Енді жаңа ережелер бойынша жалпы айналым 2 млрд. 350 млн. теңгеге дейін болса, компания ҚҚС төлеуші болып табылмайды. Демек, енді бірнеше компания ашудың қажеті жоқ, бәрін бір компанияға біріктіріп жұмыс істеуге болады", – деп түсіндірді ол.

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ
НЕДЕН БАСТАУ АЛАДЫ?

5



САЙРАМДАҒЫ ЖЕРАСТЫ
ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖҰМБАҒЫ ҚАНДАЙ?

6

Дүниежүзілік EXPO 2025 Osaka көрмесі өз жұмысын аяқтады. Көрмеге қатысушы мемлекеттер үшін басты оқиға болып саналатын EXPO Awards марапаттау рәсімі өтті. Аталған рәсім барысында Қазақстан павильоны Theme Development («Көрме тақырыбын ашу») негізгі номинациясы бойынша «С» санатындағы шағын павильондар арасында бірінші орынды иеленді. Бұл санатқа 90-нан астам ел кірді. Қазақстан экспозициясы көрменің басты тақырыбын мазмұнды және ерекше түрде ашқаны үшін жоғары бағаға ие болды, деп хабарлайды ҚР Сауда және интеграция министрлігі.

ҚАЗАҚСТАН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК EXPO 2025 OSAKA КӨРМЕСІНДЕ БІРІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ

Көрме басталған күннен бастап Қазақстан павильоны жапондар мен шетелдік туристер арасында үлкен қызығушылық тудырды. Павильон еліміздің мәдениеті, дәстүрі мен тарихы, инвестициялық, экономикалық және инновациялық дамуы, сондай-ақ цифрландыру, технология және тұрақты даму салаларындағы мазмұнды әрі тартымды экспозициясымен ерекшеленді. Осы орайда халықаралық және жапон бұқаралық ақпарат құралдары павильон туралы бірқатар мақалалар жариялады. Көрме барысында Қазақстан павильоны ынтымақтастық пен өзара тәжірибе алмасудың маңызды алаңына айналып, еліміздің жаһандық қоғамдастықтағы ашық әрі сенімді серіктес ретіндегі мәртебесін нығайтты.

Павильон аясында 9 іскерлік және мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Ең ірі оқиғалардың бірі – Қазақстанның Ұлттық күні, ол 2025 жылғы 10 тамызда ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай өтті. Сол күні EXPO National Day Hall алаңында Қазақ-

стан Республикасының туы көтеріліп, ауқымды мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Шараға шамамен 3 000 көрермен қатысты. Қазақстан павильоны «Өмірді біріктіру» кластерінде орналасып, шамамен 1,5 млн адамды қабылдады. Олардың қатарында ресми делегациялар, халықаралық ұйымдар, дипломатиялық миссиялар, бизнес, медиа және шығармашылық қауым өкілдері болды. Павильонға Халықаралық көрмелер бюросының (BIE) Бас хатшысы Димитри Керкентзес ресми сапармен келіп, оның ұйымдастырылу деңгейін, мазмұнын және экспозициялық шешімін жоғары бағалады.

Дүниежүзілік EXPO 2025 Osaka көрмесі 2025 жылғы 13 сәуір мен 13 қазан аралығында өтті. Іс-шараға 160 мемлекет пен 9 халықаралық ұйым қатысты, ал жалпы келушілер саны 28 млн. адамнан асты. Алты ай бойы Юмешима аралы «Біздің өміріміз үшін болашақ қоғамын құру» тақырыбындағы жаһандық диалогтың басты алаңына айналды.

Білім бәйгесі

«АҚЫЛДЫММЕН АҚЫЛДЫМЫН» БАЙҚАУЫ ТӨЛЕБИ АУДАНЫНДА ЖАЛҒАСТЫ

Кейінгі кездері газет-журнал, кітап оқитын қауымның қатарын қалыңдату түйткілді тақырыпқа айналып отыр. Анығын айтқанда, әсіресе, бүгінгі жас буынның басым бөлігі әлеуметтік желінің «желкеніне» жармасып алған. Ал оның арасында мектеп жасындағы оқушылар да табылары анық. Тіпті буыны әлі бекімеген бүлдіршіндердің өзі әлеуметтік желідегі әртүрлі ойындарға әбден әуестенген.

Бүгінгі жастар – біздің болашағымыз. Ендеше олардың ауыл, аудандық кітапханаларда өздеріне керекті газет-журнал, кітаптарды алып оқуына бағыттау бүгінгі аға буынның еншісінде. Бұл ретте телефонның орнын балалар баспасөзімен алмастырудың маңызы зор.

Дәл осы балалардың баспасөзбен берік байланыс орнату тақырыбы Төлеби аудандық балалар кітапханасында ұйымдастырылған «Ақылдыммен ақылдымын» байқауында сахналық қойылыммен жарқын көрініс тапты. Түркістан облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен, облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының бастамасымен және «Қызмет» ЖШС газетінің директоры, балаларға арналған республикалық «Ақылдым» журналының редакторы, журналист Бейсенкүл Жақсыбекқызының ұйымдастыруымен Төлеби аудандық Мәдениет үйінде «Ақылдыммен ақылдымын» аудандық байқауы өтті. Байқауда алғаш сөз тізгінін алған Төлеби аудандық мәдениет, спорт және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Әуесбек Жақсыбекұлы мен «Аманат» партиясы Төлеби аудандық филиалының атқарушы хатшысы Шырынбек Оңғаров қатысушыларға сәттілік тілеп, жүрекжарды лебіздерін жеткізді.

Байқау балалардың білім көкжиегін кеңейтуге, тіл байлығын арттыруға, шығармашылық қабілетін шыңдауға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталды. Мұнда олар үш кезең бойынша сынға түсті. Атап айтар болсақ, «Мен қандай адам боламын?» тақырыбында шығарма жазса, «Баспасөзбен бірге өсіп келемін» айдарында қабырға газетін әзірледі. Ал «Мен оқығанды жақсы көремін» айдарында сүйікті шығармалары мен өлеңдерін сахналап, өнерлерін көрсетті.

Балалардың білім көкжиегін кеңейтуді



көздейтін байқауда республикалық «Қызмет» газетінің редакторы Макпал Ибраева, «Қызмет» газетінің журналисі Әлия Әуесбекова және Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының балалар бөлімінің кітапханашысы Балнұр Зейнұрқызы қазылық жасады. Байқау қорытындысы бойынша оқ бойы оза шыққан жеңімпаздар анықталды. Нәтижесінде Жаңажол ауылдық кітапханасының оқырманы Инжу Беглан бас жүлде иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды. Ал Әңгірата ауылдық кітапханасының оқырманы Еркежан Райымбек І орын, аудандық балалар кітапханасының оқырманы Совитхан Көркем ІІ орын және Акқұм ауылдық кітапханасының оқырманы Ерлік Жүнісәлі ІІІ орын иегері атанды. Барлық қатысушылар белсенділігі мен өнері үшін бағалы сыйлықтармен және алғыс хаттармен марапатталды. Бұл байқау жас оқырмандардың кітап пен баспасөзге деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ой-өрісін жетілдіруге және рухани өсуіне зор серпін сыйлады.

Ә.ӘУЕСБЕКОВА

ЕҢБЕК КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС ЕКІ ЖЕРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ БОЛА МА?

Қазақстанда жұмыс берушілер қызметкерлермен арадағы еңбек шартын арнайы ақпараттық жүйеге жүктеуге міндетті. Алайда министрлік қанша адам екі жерде жұмыс істейтінін қадағаламайды және бұған заң бойынша тыйым салынбайды. Бұл туралы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Ертаев мәлімдеді, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Қазақстандық жұмыс берушілер қызметкерлермен арадағы еңбек шартын ақпараттық жүйеге жүктеуге міндеттелген.

"Бұл - Еңбек кодексінің нормасы, соған сәйкес жұмыс беруші жүйеге өз қызметкерінің еңбек шартын жүктеуге міндетті. Бұл қызметкердің құқығын қорғау, яғни онымен еңбек шарты жасалғанын, онда не қарастырылғанын, жалақы қандай болатынын және қандай еңбек жағдайында жұмыс істейтінін растау үшін жасалады", - деп түсіндірді ол.

Еліміз бойынша 7 миллион жалдамалы жұмысшы бар, жүйеде 4 миллион адам есепке алынған, қалған қазақстандықтар азаматтық-құқықтық шарттар мен басқа да құжаттар бойынша жұмыс істейді.

Журналистер сұрағы: "Ведомство екі жерде жұмыс істейтін қазақстандықтарды қадағалай ма және бұған заң бойынша тыйым салынған ба?"

"Азамат негізгі және толық емес жұмыс күні бойынша жұмыс істесе, оған заңмен



тыйым салынбайды. Бұлай жасауға болады. Айта кетейін, біз қанша қызметкер қосымша жұмыс істейтінін есепке алмаймыз", - деп жауап берді Асқарбек Ертаев.

Еңбек кодексіне сәйкес азаматтар бірнеше жерде және әртүрлі жұмыс берушіге жұмыс істей алады. Дегенмен шектеу бар: негізгі жұмыс 8 сағаттан, қосымша жұмыс 4 сағаттан аспайды, сонда күніне 12 сағаттан аспауы керек. Екі жерде де толық жұмыс істеуге заңмен тыйым салынған.

ҚАЗАН АЙЫНДА ЖҰМЫС АПТАСЫ ҚЫСҚА БОЛАДЫ

2025 жылдың қазан айында қазақстандықтарды Республика күніне орай қосымша демалыс күтіп тұр. Бұл мереке елдің басты мерекелерінің бірі болып саналады, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



Республика күні – Қазақстандағы жалғыз ұлттық мереке. Ол 1990 жылы Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылданғаннан кейін пайда болды. 2022 жылдан бастап Республика күні ресми демалыс күні болып белгіленді. Биыл 25 қазан сенбі күніне түсіп отыр. Сондықтан "Мерекелер туралы" заңға сәйкес демалыс күні дүйсенбіге, яғни 27 қазанға ауыстырылады. Осылайша, қазақстандықтар үш күн қатарынан демалады:

25 қазан (сенбі) — мереке күні;

26 қазан (жексенбі) — стандартты демалыс;

27 қазан (дүйсенбі) — демалыс күні ауыстырылған күн.

Бес күндік жұмыс аптасында қазан айында барлығы 9 демалыс күні және 22 жұмыс күні болады. Алты күн жұмыс істейтіндер үшін кесте сәл өзгеше болады:

25 қазан (сенбі) — мерекелік демалыс;

26 қазан (жексенбі) — стандартты демалыс;

27 қазан (дүйсенбі) — жұмыс күні.

Осылайша, 2025 жылдың қазан айында 5 демалыс күні және 26 жұмыс күні болады.

Республика күні қалай аталып өтеді? Елдің әр өңірінде салтанатты концерттер, көрмелер, фестивальдер мен флешмобтар ұйымдастырылады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында ашық сабақтар мен тақырыптық кездесулер өткізіледі. Алаңдарда мәдени бағдарламалар ұсынылып, кешке қарай қалаларда мерекелік шамдар жанады.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТАРИФТЕРІ ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ӨСПЕЙДІ

Қазақстан үкіметі 2025 жылдың соңына дейін коммуналдық қызмет тарифтерін көтермеу туралы шешім қабылдады. Бұл туралы үкімет отырысында премьер-министр Олжас Бектенов мәлім етті, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.

«Инфрақұрылымның тозуы мен жаңғыртуы қажет ететініне қарамастан, Үкімет тарифтік саясатта ұстамдылықты сақтайды. Жыл соңына дейін халық үшін тарифтерді қымбаттату жоспарда жоқ», — деді Бектенов.

Премьер-министрдің айтуынша, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) саласында ұлттық жоба жүзеге

асырылып жатыр. Мақсат – инфрақұрылымды кешенді түрде жаңарту және жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

Бектенов атап өткендей, тарифтерді тежеу ұзақ мерзімді қаржыландыруды тарту және монополистердің операциялық шығындарын оңтайландыру арқылы мүмкін болып отыр. Олжас Бектенов тариф саясатына қатысты кез келген шешімнің әлеуметтік сезімталдықты ескеруі қажет екенін баса айтты.

«Кез келген тарифтік өзгеріс халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етпеуі үшін, ол салмақты әрі теңгерімді түрде жүзеге асырылуы тиіс», — деді Үкімет басшысы.

ЖАСТАРҒА КІТАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ БАР

Қазіргі ақпарат дәуірінде адамзаттың өмір сүру дағдысы түбегейлі өзгерді. Смартфон, әлеуметтік желі, қысқа бейнероликтер мен түрлі жеңіл контенттер адамның назарын кітаптан алыстатып барады. Ақпараттың ағымы тым жылдам, ал тұтынушы оны тек беткі жағын шолып, терең мәніне үңілмей қабылдауға дағдылануда. Бұрын адамдар газет-журнал, кітап оқып, сондағы тақырыптарды тереңірек түсінуге ұмтылатын, ал қазір жедел әрі үстірт ақпарат алуға бейімделіп кеткендей. Уақытты бұлай виртуалды кеңістікте өткізу білім мен рухани байлықтан алыстату қаупін тудырады. Бұл, әсіресе, жастар арасында кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуіне себеп болып отыр.

Мәселенің жалғыз ғана жолы бар, ол – кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Кітап оқу мәдениеті дегеніміз не? Ол – тек кітапты қолға алып, көз жүгіртіп шығу емес, оны түсініп, талдап, оқығаны мен тоқығанын өмір тәжірибесінде қолдана білу қабілеті. Яғни, таңдап оқу, ойланып оқу және оқығаннан нәтиже шығара алу. Мұның адамға берер пайдасы не? Ол адамның интеллектуалдық деңгейін, талғамын және рухани дүниесін байытады. Сонымен қатар, адамның сыни ойлау қабілетін дамытып, ақпаратты сараптап, дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Қазіргі заманда ақпараттың көптігі мен сапасыз мазмұнын таралуы жағдайында бұл қабілет өте маңызды. Кітап оқу арқылы адам өз әлемін кеңейтеді, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.


Сарапшылардың пікірінше, соңғы онжылдықта әлемде кітап оқу көрсеткіші күрт төмендеген. Қазақстан да бұл үдерістен сырт қалмаған. Орта есеппен алғанда адамдардың басым бөлігі күніне 3-5 сағатын әлеуметтік желілерге жұмсаса, кітап оқуға 10-15 минут қана уақыт бөледі екен. Расында да, бұрынғыдай оқырман билетімен кітап іздеп жүретін буын азайды. Кітапханаға бас сұғатындардың қатары да сиреп барады. Оның орнына смартфон мен компьютер арқылы қысқа әрі тез оқылатын ақпаратты қаузағанды дұрыс көреді. Не болмаса қысқартылған, электронды нұсқадағы кітаптарды оқып шыға салғанды оңай көреді. Оның өзінде де көбіне жеңіл тілде жазылған мотивациялық, психологиялық мазмұндағы еңбектермен шектеледі. Шындығына келгенде қағаз кітаптың орнын ештеңе баса алмайды. Кітап – адамның логикалық ойлауын, тіл байлығын және эмоциялық интеллектісін дамытатын ең тиімді құрал. Ғалымдар қағаз кітапты оқу кезінде адамның миында зейін мен есте сақтау қабілетін арттыратын аймақтардың белсендірек жұмыс істейтінін дәлелдеген. Экраннан оқу көзді тез шаршатады, ал қағаз бетінен оқу терең қабылдау мен ұзақ есте сақтауға әсер етеді. Сондықтан қағаз кітаптың, әсіресе әдебиеттің құдыретін қайта жаңғырту қажет-ақ.

Бұл мәселені көтергенде әдетте «Баланың кітапқа деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы отбасынан бастау алады», «Үйде

ата-ананың өзі кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, балаға үлгі болуы қажет», «Бұл үрдіске мектеп жүйесі де атсалысуы керек» деген формалды пікірлер айтылады. Бірақ осы жолда неге барша адамзаттың назарын жаулап алған әлеуметтік желіні құрал ретінде пайдаланбасқа? Мысалы, қазіргі медиа кеңістікте блогерлер мен инфлюенсерлердің кітап оқуға шақыратын, қызықтыратын контенті жеткіліксіз. Тіпті жоқ деуге де болады. Осыған байланысты танымал блогерлер мен әдебиет сүйер жандар бірігіп, онлайн кітап клубтарын ұйымдастырып, қысқа кітап шолулары мен шығармашылық челленджер арқылы оқырмандарды белсенділікке шақырып жатса, бұл кітап оқушылардың қатарын арттыруға белгілі бір дәрежеде өз септігін тигізеді. Сонымен бірге, видеорецензиялар, подкасттар, тіпті виртуалды кітапханалар мен онлайн авторлармен кездесулер де кітап оқу мәдениетін жаңа деңгейге көтере алады. Осы арқылы, әсіресе, жастар арасында кітапқа деген көзқарасты өзгертіп, оны заманауи тренд әрі хобби ретінде көрсете алуымыз керек.

Қазір әлеуметтік желі жастардың өмірінің бір бөлшегіне айналды. Оны тек ойынсауық немесе көңіл көтеру алаңы деп қарастыру дұрыс емес. Егер дұрыс бағытта қолданылса, бұл платформа кітап оқуға деген қызығушылықты арттырудың мықты құралына айналар еді. Осылайша, дәстүрлі қағаз кітап пен заманауи цифрлық медиа құралдарын ұтымды үйлестіре отырып, кітап оқу мәдениетін қайта жандандыруға болар еді деген ой туады. Бүгінгі ақпарат ағыны тасып жатқан заманда кітап білім мен танымның қайнар көзі ретінде өз орнын сақтап қалуы тиіс. Ол әлеуметтік желіге, интернетке жұтылып кетпеуі керек. Сондықтан да оны жаңаша сипатта насихаттау өте маңызды болып тұр.

Осы тұста әлемдік тәжірибелерге бір көз жүгіртейікші. Олар бұл жолда қандай шараларды қолға алып жатыр? Мысалы, Финляндияда биылғы жылы кітапханаларда 100 автордың кездесуін ұйымдастыруға мемлекеттен қаржы бөлінген. Бұл авторлар мектептерге, кітапханаларға барып, оқырмандармен тікелей сөйлесіп, оларды кітап оқуға ынталандырады. Аталған аймақта кітапха-



налардан жылдық орташа кітап алу көрсеткіші де халық арасында жоғары: мысалы, бір кітапхана жүйесінде бір адамға шаққанда жылына шамамен 19 кітап алынғаны туралы дерек бар.

Ал Дания үкіметі кітаптарды қолжетімді ету мақсатында кітаптарға салынатын 25% қосымша құн салығын алып тастауды жоспарлап отыр. Бұл әлемдегі ең жоғары кітап салығы болып табылады. Мемлекет бұл қаржыны «оқу дағдысының дағдарысына» қарсы күрес шарасы ретінде қабылдады. Мәдениет министрі Якоб Энгель-Шмидт бұл шараның жыл сайын 330 миллион дат кронына (шамамен 44 миллион еуро) шығын келтіретінін, бірақ бұл мәдени болашаққа инвестиция ретінде қарастырылатынын атап өтті. ҚҚС-тың жойылуы кітап бағасының төмендеуіне әкеледі деп күтілуде. Мысалы, Данияның жетекші баспаларының бірінің бас директоры Ханна Саломонсен бұл шараның кітап бағасын шамамен 20%-ға төмендететінін мәлімдеді. Бұл шара негізінен кітапты қолжетімді етуге бағытталған. Дания кітап оқуды қолдау мен насихаттау бағытында осындай маңызды қадам жасап отыр.

Араб елдері де бұл салаға немқұрайлы қарамайды. Онда кітап оқу, әсіресе, араб тілінде сөйлейтін балалар мен жасөспірімдер арасында көбірек насихатталады. Ол үшін арнайы сыйлықтар, конкурс және мотивациялық бағдарламалар қарастырылған. Мысалы, Сауд Арабиясында Король Салман академиясы мен Білім министрлігі бірігіп, «Балалардың оқу сынағы» байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Бұл шараға 30 елден 8 мыңнан астам қатысушы қатысып, жеңімпаздарға жалпы сомасы 250 000 сауд риялы (шамамен 67 000 АҚШ доллары) табысталды. Шарджада да балалар әдебиетін дамытуға бағытталған балалар кітабының сыйлығы жыл сайын ұйымдастырылып отырады. Биыл бұл сыйлықтың жалпы жүл-

де қоры 110 000 дирхамды (шамамен 30 000 АҚШ доллары) құрады.

Осы секілді әлеуметтік жобалар Иранда да қолға алынған. Онда кейбір аймақтарда, әсіресе кедей және шалғай аудандарда тұратын балаларға арналған «Read with Me» жобасы жұмыс істейді. Бұл жобаға волонтерлар мен мұғалімдер қатысып, балалар мен жасөспірімдерді жеңіл әрі қызықты жолдармен кітап оқуға шақыруды көздейді. Басты мақсат – балаларды кітаппен және біліммен байланыстырып, олардың рухани дамуына жағдай жасау.

Ал Қазақстандағы кітап оқу мәдениетін дамытуға және әдебиетті насихаттауға бағытталған маңызды бастамалардың бірі – «Бір ел – бір кітап» акциясы. Елімізде бұл республикалық акция ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Ұлттық академиялық кітапхана мен Қазақстан Кітапханалар қауымдастығының ұйымдастыруымен 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру. Биылғы жылы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Тәкен Әлімқұлов пен Жұмекен Нәжімеденовтің жинақтарын оқу жоспарланған.

Сонымен қатар, биылғы қыркүйек айында Шымкент қаласында «Кітап оқитын ұлт» жобасы таныстырылды. Бұл жоба «Кітап оқитын ұлт» қоғамдық қорының бастамасымен жүзеге асырылып отыр. Жоба аясында «Кітап оқитын мектеп», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын университет», «Кітап оқитын педагог», «Кітап оқитын әулет» және «Кітап оқитын мемлекеттік қызметкер» сияқты номинациялар бойынша байқаулар ұйымдастырылады. Жобаға мектеп оқушылары, студенттер, педагогтар, отбасы мүшелерінен құрылған топтар және мемлекеттік қызметшілер қатыса алады. Әрбір қатысушы өзінің санатына сәйкес арнайы әзірленген кітаптар тізімі бойынша 6 ай ішінде кемінде 15 туындыны оқуы тиіс. Дегенмен, елімізде кітап оқу мәдениетін жан-жақты дамыту үшін бұл бастамалармен қатар бұдан да ауқымды және тұрақты іс-шаралар ұйымдастырылуы өте маңызды.

Иә, заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілердің кең таралуына қарамастан кітап оқу мәдениетін дамыту – еліміздің рухани өмірі үшін аса қажет дүние. Ол үшін дәстүрлі әдістерді заманауи құралдармен ұштастыру қажет. Егер осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп отырса, болашақ ұрпақтың білімге деген құштарлығы артып, руханият саласы одан әрі нығая түседі деген сенімдеміз.

М.ЫБЫРАЙ



Отбасы құндылығы

«ӘЙЕЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА СЕМИНАР ӨТТІ

Отбасы – қоғамның алтын қазығы, ұлттың тірегі. Ал сол отбасының берекесі мен болашағы, ең алдымен, ананың денсаулығы мен рухани әл-ауқатына тікелей байланысты. Әйел – бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен ұлттың ұйытқысы. Сондықтан да әйелдің денсаулығына, ана болуға дайындығына, репродуктивті мәдениетіне мән беру – ұлттың денсаулығына деген қамқорлықтың көрінісі. Бүгінгі күнде жас қыз-келіншектердің медициналық сауатын арттыру, салауатты жүктілікті жоспарлау, отбасы институтын нығайту қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Осыған орай, «AMANAT» партиясының Шымкент қалалық филиалында «Әйел аманаты» жобасы аясында жастардың репро-



дуктивті денсаулығы және салауатты жүктілікті жоспарлау тақырыбына арналған маңызды семинар өтті. Жиынды қалалық партия филиалы жанындағы Әйелдер қанатының жетекшісі Керімбаева

Наргиза Абайдуллаевна модераторлық етті. Семинардың мақсаты – әйелдердің денсаулығын нығайтуға және отбасы құндылықтарын дәріптеуге жағдай жасау. Сонымен қатар, жас қыз-келіншектер-

дің өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына ықпал ету, салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін қалыптастыру, ерте жүктіліктің, ана мен бала денсаулығына қауіп төндіретін факторлардың алдын алу бұл басқосудың басты бағыттарының бірі болды.

Семинарда жоғары санаттағы гинеколог-эндокринолог Рыкова Наталья Владимировна және жоғары санатты акушер-гинеколог, перинатолог Алиева Жамиля Каплановна дәріс оқыды. Олар 18 бен 25 жас аралығындағы жас қыздар мен әйелдерге маңызды медициналық кеңестер беріп, сұрақтарына жауап берді.

Еңбек ұжымдарындағы әйелдердің әлеуметтік және медициналық құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлу мақсатында,

семинарға «Шымкент қаласы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Бауыржан Алтеев те қатысты. Ол кәсіподақтардың жұмыс істейтін жас әйелдерді қолдауға, олардың декреттік демалыс пен денсаулық сақтауға қатысты құқықтарын қамтамасыз етудегі рөлі туралы айтып, отбасы мен еңбек арасындағы теңгерімнің маңыздылығын атап өтті.

Семинар әйелдер денсаулығын нығайту, отбасылық құндылықтарды дәріптеу және кәсіподақтардың әлеуметтік қолдауын көрсету бағытында өте пайдалы және нәтижелі өтті. Мұндай кездесулердің жиі ұйымдастырылуы қоғамдағы әйел рөлінің артуына және дені сау ұрпақ тәрбиелеуге негіз болмақ.

ЕҢБЕК АДАМЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Дей тұрғанмен жасың қаншаға келсе де, ана махаббатын бәрібір аңсайды екенсің. Оның үстіне сол махаббатқа шөлдеп өскенім тағы бар. Әжем қайтыс болған соң анамды бір мейірленіп құшақтап көрейінші дедім, бірақ ішкі ойым да, түйсігім де, санам да оған еш рұқсат бермеді. Оның үстіне анамның өзі де көзі тірісінде «Төңіректен әжең қарап тұр» деп жанына жуытпайтын. Бірақ кейде анамның аялы алақанына, жылы сөзі мен шексіз мейіріміне деген ерекше сағыныш бойымды билеп ала жөнелгенде ол кісіні еріксіз еске аламын. Сондайда көңілім босап, көзіме еріксіз жас келіп қалады, – дейді ол.

Гүлнара Өстемірқызының өмір жолы оңай құрылмаған. Себебі оның мойнында әке аманаты мен өзіне артылған таудай жауапкершілік бар. Сол аманат өмірдің сынағына мойымай, асқақ рухпен алға ұмтылуға себеп болды.



ласы ретінде атына жаздырып алды. Осыдан кейін 11, 17 жыл балалы бола алмаған, одан соң тек ұлды болып, қыз аңсап жүрген ерлі-зайыптылар хабарласты. Солардың бәріне заңды түрде бала асырап алуына құжат жағынан зыр жүгіріп көмектестім. Бүгінде отбасылы болуына өзім себепші болған сол ұл-қыздардың алды отызға келді. Әрбіріне сырттай тілекшімін. Хабарласып тұратындары да бар. Ата-аналары: «Сіздің балаңыз, сізге тартқан», – десе мәз болып қаламын. Бірақ сол кезде өзім де бір баланы асырап алмағанымға өкінемін. Дей тұрғанмен бүгінде қаншама баланың кіндік анасымын. Ауылда келіндер: «Апа, босану залына сіздің бірге кіргеніңізді қалаймын. Бала-шағам сізге ұқсасқа деймін», – десе шауып бара беремін. Қаншама баланы қырықнан шығарып беріп те жүрмін. Әйтеуір, қолдан келгенше әйелдерге демеу болғым келеді.

Ауылда бір келіншектің күйеуі қайтыс болды. Сол кезде ол екінші баласына аяғы

«ПАТРИОТИЗМ – ЖАН-ЖАҚТЫ ҰҒЫМ...»

Гүлнара Өстемірқызын көпшілік бітімгер ретінде де таниды. Әу баста ел ішіндегі әртүрлі келіспеушіліктер мен дау-дамайларға қоғамдық медиатор ретінде араласып жүрді. Уақыт өте келе медиация бойынша арнайы білім алып, осы саланың маманы атанды. Содан бері кәсіби медиатор ретінде талай түйткілдің түйінін тарқатып, талай жанның алғысын аркалап келеді. Бүгінде бұл салада жүргеніне он жылдан асса да іскерлік қарқыны бір сәтке де бәсеңдеген емес, қоғам тыныштығын сақтау жолында әлі күнге дейін білек сыбана еңбек етіп келеді. Осылайша көпшілік істерге жауапкершілікпен қарап, бар күш-жігерін ел игілігіне жұмсаудан еш шаршаған емес. Өзінің осынау белсенділігімен, жанашырлығымен көпшілікке үлгі болып, халықтың мұң-мұқтажына құлақ түріп қана қоймай, ау-

ЖҮРЕГІ КЕҢ, ЖАНЫ ЖОМАРТ

– Інім кішкентайында ойнап жүріп абайсызда керосин ішіп қояды. Лимонад деп ойлаған ғой. Ауылдың медбикесіне апарса «Ештеңе етпейді» деп үйге қайтарып жіберіпті. Содан миына зақым келіп, өз қатарластарынан кеш қалды. Әкем кетерінде осы інімді маған аманаттап кеткен соң, баскөз болып өзім қалдым. Сот медициналық сараптамасы: «Сіздің жасыңыз ұлғайған екен, келешекте өзіңізге қиындау болады, мемлекетке өткізіңіз», – деген кезде жылап қалдым. Бауырымды қиған жоқпын. Сөйтіп заң жүзінде өз қамқорлығыма алғанымға он жылдан асты.

Қазіргі таңда келіншегі, бір ұлы бар. Келіншегінің де денсаулығы дімкәс, дәрігерлер эпилепсия диагнозын қойған. Ал ұлы жүйке ауруымен ауырады. Мен осының бәрін жан жүрегіммен қабылдап, өз жауапкершілігіме алғаннан кейін оларға қамқоршы әрі қорған болып қара шаңырақта отырған жайым бар. «Қара шаңырақтың шырайын кіргізіп, әулеттің шаңырағын шайқалтпай, түтінін түзу түтетіп отыр», – деп әкем де маған осы үйді тапсырып кеткендей болды. Міне, содан бері Алланың алдында, әкемнің алдында және заң алдында берген уәдемді орындап келемін. Осы күндері бауырларым әкемнің үйі деп іздеп келгенде есігімді айқара ашып қарсы аламын. Бар мейірім-шапағатымды төгіп, үйдің берекесін кіргізіп отыруға тырысамын. Содан да болар, әулеттегілердің маған деген алғысы шексіз. Аллаға шүкір, сый-құрметтің нағыз қайнар көзінде отырмын. Сонау сыртқы есіктен кіріп келе жатқаннан жетпістен асқан жеңгелерім үйге сәлем салып кіреді. Бұл – олардың, біріншіден, қара шаңыраққа деген, екіншіден, «Қайнағамыз бен абысынымыздың орнында отырған қызың» деп маған жасаған ерекше құрметтері, – дейді ол.

«ЖАҚСЫ ІСТЕРДІ ЖАН РАХАТЫМ ҮШІН ІСТЕЙМІН...»

Гүлнара апай – өмірінің 27 жылын Қазпоштаға арнаған жан. Одан кейін кәсіпкерлік салаға бет бұрады. «Кәсіпкерлік дегенде бірденені алып-сатып жүрген түгім жоқ, сол құжаттандыру мәселесімен айналыстым. Қарапайым жұрт үшін күрделі көрінетін қағазбасты шаруаларда қызмет көрсеттім», – деп түсіндіреді оны өзі. 2009-2015 жылдары осы саланың тізгінін ұстаған ол інісін қамқоршылыққа алғаннан кейін бар жұмысын тоқтатуға тура келеді. 2020 жылы әлеуметтік қызметкер болып жұмысқа кіреді де, біржола осы салада тұрақталып қалады. Гүлнара апай осы уақыттың барлығында қайырымдылық жұмыстарын да қоса алып жүрді.

Қайырымдылық тек материалдық дүниемен өлшенбейді. Сөз жәрдем мен қол жәрдем де – қайырымдылықтың бір түрі. Түпкі мәні – адамға шынайы жанашырлықпен, шын ниетпен өтеусіз көмек көрсету, ешқандай пайда күтпей қол ұшын созу,

жүректегі мейіріммен әрекет ету. Мақсат – әлсізге сүйеу, мұқтажға демеу болып, қоғамға адамгершілік дәнін себу. Қайырымдылықты қалталылар ғана емес, қарапайымдар да жасайды. Сол қарапайымның бірі Гүлнара Өстемірқызы еді.

– Қайырымдылық жұмыстарымен сонау 1984 жылы Қазпоштаға жұмысқа тұрған уақыттан бастап бүгінге дейін айналысып келемін. Өзім ешкімнен ештеңе алмаймын, керісінше беруге тырысамын. Жетім бала, жесір келіншектерге көбірек қол ұшын созымын. Жалғыздікті қарт кісілерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға да құжат жағынан қарайласамын. Ауылдағы үлкендер өтініш жасаса ешқайсысының меселін қайтармаппын. Бәріне қолымнан келгенше көмектесіп, бітпей жатқан тірліктерін аяқтап беруге барымды салдым. Осы күнге дейін ешбірінен көмегімді аяған емеспін. Адамның бәріне бірдей қараймын, ұлтқа, руға, жерге бөлуден аулақпын.



Өзімнің кемерімді жарып шыққан ұл-қыздарым болмаса да, бала асырап алғысы келген ерлі-зайыптыларға да қаншама рет құжат жағынан көмектестім. Бір оқиғаны айтып берейін. 2003 жылы еді. Мен ол кезде поштада істеймін. Үш баласы бар отбасы төртінші қылып бір қыз баланы асырап алды. Дәлірек айтсақ, 18 жасар қыз алданып қалып босанып қояды да, жаңа туған шақалағын әлгі отбасының есігінің алдына әкеліп тастап кетеді. Сол қыз бес жасқа толған кезде мектепте баруы үшін құжат керек болып, менен көмек сұрады. Оған дейін өзі қаншама мекеменің есігін тоздырған, бірақ барған жерінде ақша сұрап, ақыры іс бітпейті. Мұны естіген соң осы жағдай бойынша Президентке хат жаздым. Барлық тексерістен кейін «Бала осы отбасыға рәсімделсін» деген қағаз келеді. Әлгі қағаз қолына тиген келіншек қуанып келіп, маған алғысын жаудырып кетті. Кейіннен осы қызды заңды түрде өзінің төртінші ба-

ауыр еді. Әлгі келіншек жылап-еңіреп, қатты күйзеліске түсті. «Айналайын, аман-есен аяқ-қолыңды бауырыңа ал, күйеуіңнің көзі ғой» деп жүріп босандырып алдық. Перзетханадан шығарып, ендігі барлық ісі ғажайып болсын деген ниетпен азан шақырып қыздың есімін Ғажайып деп қойдық. Қырықнан шығардық. Сондағы бар ойымыз әлгі келіншекті күйзелістен шығарып алу болды. Міне, осындай сан түрлі тағдыр жолына куә бола жүріп, мейлінше жақсылықтың дәнін себуге тырысып келемін.

Ерекше бала бағып отырған аналарға да көмек қолын созу үшін барымды саламын. Өз басымда болғаннан кейін жағдайларын жақсы түсінемін. Оларға тегін кеңесімді беріп, мемлекеттен көмек, жәрдемақы алуы үшін құжаттарын реттеп беремін. Ара-тұра шама-шарқымша ақшалай да қол ұшын созамын.

Мен мұның бәрін өзім үшін, жан рахатым үшін істеймін. Адамдарға жаным

дандағы әрбір игі бастамалардың бел ортасынан табылып жүрген ол – бүгінде Сауран ауданының Әжелер кеңесі мен Аналар кеңесінің белсенді мүшесі. Сонымен қатар, Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің және Түркістан облыстық медиаторлар кеңесінің де мүшесі болып табылады.

Ауылдың мәдени өмірінде де Гүлнара апайдың өзіндік өрнегі айқын аңғарылады. Ән мен жыр, дәстүр мен салт төңірегіндегі игі бастамаларға белсене атсалысып, рухани салаға да нәр қосты. 2015 жылы Сауран ауданына қарасты Оранғай елдімекенінде «Дария толқын» атты әжелер ансамблі құрып, ұлт руханиятын ұлықтауға бағытталған игі істің ұйытқысы болды. Топқа өзі жетекшілік етіп, өнерге жаны құштар әжелерді бір арнаға тоғыстырды. Ансамбль түрлі мәдени іс-шараларға қатысып, ауыл ғана емес, аудан көлемінде де үлкен құрметке ие болған еді. Алайда уақыт өз дегенін алады емес пе, 2022 жылы әжелердің денсаулығына байланысты топ өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Дегенмен, бұл бастама ауылдың мәдени өмірінде өзіндік жарқын із қалдырды.

Гүлнара апайдың осы әрекеттерінің барлығын тізбектей келе біз мұны патриотизмнің бір көрінісі деп түйдік. Алайда ол кісінің бұл ұғым туралы түсінігі бұдан да терең, ауқымды әрі жан-жақты екен. Ол үшін патриот болу – өз еліне деген сүйіспеншілікті жүректегі отпен, таза ниетпен, адал қасиеттермен көрсете білу.

– Патриотизмді бір қырынан ғана түсінбеу керек, ол – жан-жақты ұғым. Елге адал қызмет ету де, заңды сақтау да, елге жанашылдық әкелу де, батылдық та, күш-жігерді біріктіру де, өз ісінде адал болу да, тіпті елдің тарихын жақсы білу де – патриотизм. Бұл дүниенің бәрін елін сүйген адам ғана жасайды. Мұның әрбірінің астарында отансүйгіштік қасиет жатыр. Болашақта жаңа Қазақстанда патриоттар көп болады деп сенемін. Тек қазіргі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білікті, білімді, саналы және елін сүйетін азамат болып қалыптасуы үшін дұрыс жаққа бағыттай білсек болғаны. Себебі елдің ертеңі осы жастардың қолында, – дейді ол.

Иә, Гүлнара Өстемірқызының өмір жолына көз жүгіртсек, оның бойындағы мейірім мен қайсарлық, еңбекқорлық пен жауапкершілік, елге, жерге деген сүйіспеншілік – нағыз қазақ әйеліне тән қасиеттердің жиынтығы. Әжеден дарыған рухани тәрбие, ата-ананың өнегесі, өз басынан өткерген өмірдің кейбір сәттері оны шыңдап, шынайы патриотқа, жан жүрегімен жұртқа қызмет ететін тұлғаға айналдырғандай. Қашанда адалдық пен адамгершілікті алға қойып, ел игілігі үшін еңбек етуді басты мақсаты деп біледі. Өзгенің қайғысын бөлісіп, қол ұшын созуға дайын тұратын жомарттығы – елге деген шынайы сүйіспеншіліктің айғағы. Осылайша Гүлнара апай бір әулеттің ғана емес, бір ауылдың, бір ауданның анасына айналғандай. Оның жүріп өткен жолы – кейінгі ұрпаққа өнеге, болашаққа бағыт.

М.ҚҰРБАНҚЫЗЫ



КӨНЕ ШЫМКЕНТ ҚҰПИЯСЫ: ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕ АДАМ ҚАҢҚАСЫ ТАБЫЛДЫ

Жуырда әлеуметтік желілерде Шымкенттің В.Володарский көшесі бойындағы «Магнум» супермаркеті алдынан қазба кезінде табылған адам қаңқасы туралы хабар желдей есіп, жұрт жарыса бөлісіп жатты. Оған бірқатар баспасөз беттері қосылғаны тағы бар.

Жастық шағымызда Омар Һайям дейтін Шығыс шайырының рубаяттарымен ауырғанымыз бар. Оның:

– Жер басып өткен сайын күнінде сіз, Ойлаңыз, адам болған ол да тірі.

Топырақты тебіндей асықпаңыз, сүрінбеңіз,

Мүмкін бұл, туған атаңның болған бірі, – дейтін шумақтарын кешегі күні еріксіз еске алдық. Күнделікті ары-бері өтіп жүрген жолымыздың астынан адам сүйектері табылғаны сол рубайилерді еске салды. Сонда барып, Шымкенттің ескі бөлігінің әр адым жері қадым замандардан қалған жатгерлерге бай екеніне көзіміз жете түсті.



Адам қаңқасы шыққаны туралы хабар жете салысымен біз де оқиға орнына баруға асықтық. Иә, расымен адам қаңқасының қалдықтары жер бетіне шығарылған. Яғни, 2025 жылғы қазан айының 7 қазан күні Шымкент қаласының Әл-Фараби ауданы, В.Володарский көшесінің Д.Қонаев көшесімен қиылысынан қазба жұмыстары кезінде адам қаңқасы табылған. Бұл қазба жұмыстарын «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС инвестициялық бағдарламасына сәйкес биыл Шымкент қаласы, Сапақ датқа – Таштракт көшелері бойында диаметрі 600 мм болатын су құбырын алмастыру жұмыстарын жүргізіліп жатқан. Аталған жұмыстарды жүргізуші мекеменің өкілдері адам қаңқалары табылған соң қазба жұмыстарын тоқтатып, табылған қаңқа сүйектерін полиэтилен қалтаға салып, бөлек алған. Біз барғанымызда қазба басында өзін Әл-Фараби аудандық полиция басқармасының учаскелік полиция қызметкері Әкімжан деп таныстырған мамандар болды.

Осы жерде азды-көпті қолда бар деректерді келтіре отырып, түсіндірме бере кетсек дейміз. Дәл осы орын XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің сызған карталарында мұсылман зираты болғаны туралы деректер көрсетілген (1). Сондай-ақ, 2018 жылы жарық көрген «Түркістан облысындағы киелі жерлердің географиясы: үш томдық» деп аталатын еңбектің 475-бетінде Таштракт көшесі мен Базар көшесі

(қазіргі Әйтеке би көшесінің Д.Қонаев даңғылына ауысқан учаскесі) түйіскен жерінен жоғары, автовокзал мен аурухана арасындағы аймақта (қазіргі «Жамалбек қажы» сауда үйі, «Магнум» маркеті тұрған жер) Қамбар ата мазараты орналасқаны туралы дерек бар (2).

Оған қоса, біздің 2021 жылы жарық көрген «Таңғажайып Түркістан» дейтін еңбегімізде де тоқталатын Шымкенттегі Жәми мешіті туралы «Жәми мешіті – Шымкенттегі ең көне сәулет ескерткіші» дейтін мақаламызды жазу кезінде де осы мазарат туралы дерек жолықтырып едік. Онда мешіт салдырған Шыңғысбай қажының үлкен ұлы Өтен деген кісі осы аталған

мазаратқа қойылғаны, ол мазараттағы сүйектердің іздеушісі бары 1950 жылдары қазіргі Қасқа мазаратына көшірілгені, іздеушісі табылмағаны қазіргі «Жамалбек қажы» сауда орталығының астында қалғаны туралы ауызша деректі келтіріп едік (3). Осы аталған сауалнамалық деректің қайнар көзі ретінде Шыңғысбай қажының шөбересі Сейдахан Момынов деген ақсақалдың әңгімесі көрсетілген еді. Осы аталған деректерді алға тарта отырып, бүгінгі таңда табылып отырған адам қаңқасын XVIII-XIX ғасырлардағы мұсылман зиратының қалдығы деп қорытынды жасауға негіз бар.

Қазіргі таңда аталған адам қаңқасын Әл-Фараби аудандық полиция басқармасының қызметкерлері қалалық сот экспертизалық зерттеуге жолдаған. Сол экспертизалық зерттеудің қорытынды сараптамасы шыққан соң тиісті шаралар атқарылып, қайта жерленетін болады деп түсініктеме беріп отыр.

Сілтемелер:

1. Шымкент қаласы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы / жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА академигі Байтанаев Б.Ә. – Шымкент: «Хикари», 2024. 117 бет.
2. Түркістан облысындағы киелі жерлердің географиясы: үш томдық. 2-том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2018. 475 бет.
3. Дүйсебаев С. Таңғажайып Түркістан. Жолжазба. – Шымкент қаласы: «Қызмет» баспасы, 2021. 76 бет.

С.ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ

Көзқарас

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕДЕН БАСТАУ АЛАДЫ?

Патриотизм – кез келген тұлғаның өз еліне, туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігі мен адалдығын айқындайтын рухани-адамгершілік құнды қасиет. Бұдан сан ғасырлар бұрын қалыптасқан бұл ұғым бүгінде әрбір ұлттың рухани тірегіне айналды. Қазіргі ғаламдық дәуірде патриотизмнің маңызы күшейіп келеді. Өйткені ұлттың тұтастығы мен мемлекеттің негізін сақтау – кез келген азаматтың азаматтық борышы.



Бүгінгі таңда патриотизм бірнеше бағытта көрініс табады. Ол тек елге деген сүйіспеншілік пен құр сөз жүзіндегі ұрандармен шектелмейді. Қазіргі заманда патриотизм – ел дамуына шынайы үлес қосу, өз ісіне жауапкершілікпен қарау, қоғамда белсенді азамат болу. Азаматтық белсенділік арқылы патриот адам қоғамдық өмірге араласып, әділдік пен адалдықты қорғауға тырысады, түрлі әлеуметтік бастамаларға қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, әр адам өз мамандығын жетік меңгеріп, адал еңбек ету арқылы да өзінің патриоттығын көрсете алады.

Шынайы патриотизм тек майдан даласындағы ерлікпен немесе тарихқа тағзым етумен өлшенбейді. Ол адамдардың күнделікті тіршілік істерінде, туған жерге адал қызмет көрсетуінде, елдің болашағына үлес қосуында байқалатын қасиет. Сондай-ақ, егер әрбір азамат өз елінің тіліне, мәдениетіне, тарихына құрмет танытып, болашағына жауапкершілікпен қараса – бұл нағыз патриоттық сезімнің белгісі. Ұлттық мәдениетті, тарихты, тілді құрметтеу, өткенге тағзым жасап, салт-дәстүрді сақтау арқылы біз болашақ ұрпаққа рухани мұра қалдырамыз. Ана тілімізді сақтау, дәстүрімізді құрметтеу, отандық өнер мен әдебиетті дәріптеу арқылы біз өз болмысымызды жоғалтпай, ұлттық рухымызды нығайтамыз. Нағыз патриот болу үшін өз елінің тарихын, мәдениетін, географиясын, заңдарын білу өте маңызды. Өз елінің тарихын, мәдениетін, жерін, заңын білмеген адам тамыры жоқ ағаш сияқты. Тамыр болмаса, ағаш қалай өссін? Сол сияқты адам да өткенін, тегін білмесе, болашағын дұрыс құра алмайды.

Тарихты білу тек даталар мен оқиғаларды жаттау емес, ол – өткеннің жақсысын үйреніп, қателігін қайталамау. Мәдениетті тану – өзіңді тану. Әр ұлттың өз ерекшелігі бар, ал біз сол ұлттық ерекшелікті сақтап, дәріптесек, еліміз де, тіліміз де жоғалмайды. Географияны білу – туған жеріңнің табиғатын, байлығын, кендігін түсіну. Бұл жерге деген сүйіспеншілікті арттырады. Ал заңдарды білу – қоғамда дұрыс өмір сүруге, өз құқығың мен міндетіңді түсінуге көмектеседі. Заңды білетін азамат әділдік пен тәртіпке жақын болады. Сондықтан нағыз патриот болу үшін жай ғана елді жақсы көру жеткіліксіз, оны тереңнен танып, шын ниетпен қадірлей білу керек. Осындай білім мен сезім болғанда ғана біз елге шын жанашыр бола аламыз.

Қазіргі жаһандану дәуірінде жастардың бойындағы отансүйгіштік сезімінің әлсіреуі қоғамды алаңдататын маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Жасыратыны жоқ, кейбір жастар туған жердің қадірін, ел мен ұлт алдындағы жауапкершілікті терең сезіне бермейді. Бұл неліктен болып жатыр?

Біріншіден, жаһандану заманы – ашық ақпарат пен мәдени алмасу дәуірі. Бүгінде интернет пен әлеуметтік желілер арқылы

жастар түрлі елдердің мәдениетіне, өмір салтына оңай еліктейді. Олар шетелдің сәні мен өмір сүру тәсілін үлгі тұтып, өз ұлтының дәстүрі мен құндылықтарына салқын қарауы мүмкін.

Екіншіден, кейде мектеп пен отбасыда патриоттық тәрбиеге жеткілікті көңіл бөлінбей жатады. Жастарға ел тарихын, ұлттық батырларымыздың ерлігін, ана тілінің маңызын дұрыс жеткізбесек, оларда елге деген сүйіспеншілік өздігінен қалыптаспайды.

Үшіншіден, тіл мен мәдениеттің құнсыздануы да әсер етеді. Қазір кейбір жастар қазақ тілін еркін сөйлеуге ұялып, ұлттық өнер мен әдебиетті менсінбей жатады. Бұл – ұлттық рухтың әлсіреуіне әкеп соғатын үлкен қауіп.

Оның үстіне қазір жастар патриотизм ұғымын формалды түрде қабылдай бастады. Яғни, олар патриоттық сезімді тек мемлекеттік мерекелерде әнұран айту, ту көтеру секілді сыртқы әрекеттермен шектеп, оның терең мазмұнын ұғына бермейді.

Бұл ретте еліміздің білім беру жүйесінде патриоттық тәрбиеге айрықша басымдық беру қажет. Патриотизмді мектеп қабырғасынан бастап жүйелі түрде қалыптастырып, оны тек сабақпен шектемей, тәрбие сағаттары, жобалар, әскери-патриоттық клубтар арқылы да жүзеге асыру керек. Сондай-ақ, патриотизмді насихаттауда дәстүрлі әдістермен қатар, әлеуметтік желілерді, подкасттар мен видеоконтенттерді де тиімді пайдаланған дұрыс. Себебі қазіргі ақпараттық қоғамда жаңа медиа құралдарының ықпалы ерекше. Осылайша оларға ел болашағына шынайы жанашырлықпен қарау, қоғам өміріне белсенді араласу, волонтерлік қызметтерге қатысу, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру, экологиялық жобаларды қолдау секілді әрекеттердің де елге деген жанашырлықтың бір көрінісі екенін ұғындыру қажет.

Негізінен алғанда бұл мәселені шешу үшін бүкіл қоғам болып атсалысуымыз қажет. Жастарға патриотизмді жүрекпен сезіндіру керек. Оларға Отанды сүю міндет емес, мәртебе екенін ұғындыру маңызды. Бұл тәрбие отбасынан басталып, балабақша мен мектепте жалғасуы керек, ал бұқаралық ақпарат құралдары оны қолдап, насихаттап отыруы қажет.

Патриотизмді қалыптастыру үшін құр ұран жеткіліксіз, нақты іс, шынайы үлгі қажет. Жастар елдің дамуына өз үлесін қоса алатынын, оның болашағы тікелей өз қолдарында екенін сезінуі тиіс. Сонда ғана олар туған жерге, тілге, тарихқа құрметпен қарап, нағыз елжанды азамат болып өседі. Патриоттық сезім – әр адамның жүрегінде оянуы тиіс қасиет. Оны күштеп емес, біліммен, тәрбиемен, үлгімен берсек, болашағымыз да берік, елдігіміз де мықты бола түсері анық.

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Жастар саясаты

«ЖАС САРБАЗ», «АРАҚ САТЫЛМАЙТЫН АУЫЛ» ЖӘНЕ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»



Түркістан облысында жыл басынан бері сегіз айдың қорытындысы бойынша 15-34 жасқа дейінгі жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 1,8% құрап, өткен жылмен салыстырғанда жағдай айтарлықтай жақсарған. Бүгінгі таңда өңір халқының 31 пайызын, яғни, 670 мыңнан астамын жастар құрайды. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында жыл басынан бері 4 мыңнан аса іс-шара өткізіліп, 403 мың жас қамтылды. Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен жиында өңірдегі жастар саясатын іске асыру мәселесі кеңінен сараланды.

Өңір басшысы жастар саясаты мемлекет стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі екенін атап өтіп, оларды тұрақты жұмыспен қамту ең басты өзекті мәселе екенін жеткізді.

– Жастар арасында Түркістан өңірінен шыққан белгілі тұлғалармен тұрақты кездесулер өткізуді тапсырғанмын. Бұл – жас ұрпаққа мотивация беріп, бағыт-бағдар сілтеудің тиімді жолы. Сонымен қатар жастар саясатын тиімді іске асыру бағытында басқа облыстардың және көрші мемлекеттердің тәжірибелерін зерделеп, тиімді жобаларды бейімдеп енгізу қажет. Бұл бойынша нақты ұсыныстар әзірленуі тиіс, – деген облыс әкімі Нұралхан Көшеров аталған саланы дамыту бойынша, жұмыстарды жандандырып, тың идеялар мен жобаларды іске асыруды және нәтижелі жұмыс көрсетуді тапсырды.

Мәжілісте облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Болат Жанәбіл осы салада атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Оның айтуынша мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру аясында тиісті жұмыстар жүйелі түрде іске асырылуда.

Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында «Жас сарбаз» қозғалысы дамыды. Облыста 21 мыңнан астам жас «Жас сарбаз» қозғалысына тіркелген. Жалпы, 739 әскери-патриоттық клуб жұмыс істейді. «Жас сарбаз» қозғалысы жастарды отансүйгіштікке, шығармашылыққа, әскери-техникалық білімге және спортқа баулиды. Жыл басынан бері, әскери-патриоттық бағыттағы 158 іс-шара өткізіліп, 10 132 жас қамтылды.

Өңірде жастардың бастамасымен көтерілген «Арақ сатылмайтын ауыл» үндеуі қолдау тауып, облыс бойынша 75 елді мекенде алкогольді ішімдік өнімдерін сату тоқтатылған. Аталған ауылдарда 125 мыңға жуық тұрғын өмір сүреді. Бұл жоба жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерге бой алдырмау және қылмыс пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда экологиялық жағдай мен тәртіп – еліміз үшін маңызды мәселелердің бірі. Осыған орай қолға алынған «Таза Қазақстан» жобасы еліміздің әр өңірінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ауқымды шараларды қамтиды. Жыл басынан бері жастар ресурстық орталықтары мен жастар ұйымдарының бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында 900-ден астам арнайы іс-шаралар ұйымдастырылып, 189 мыңға жуық ерікті жас қатысты.



САЙРАМДАҒЫ ЖЕРАСТЫ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖҰМБАҒЫ ҚАНДАЙ?

Туған жердің тарихи орындарын, оның ішінде үңгірлерін, жерасты жолдарын тілге тиек етудегі негізгі мақсат рухани нысандарды саралап тануда болса керек. Аңызбен қойындасқан ақиқаттың ара жігін ажырату, өшуге айналған белгілерден рухани тектің бастауын танып білу, үңгірлердің жұмбақ дүниесіне үңілу және оны ел өмірінің тарихымен сабақтастыру басты темірқазық болуы қажет. Сайрамдағы жерасты жолдары мен үңгірлер – қаланың қорғаныс, діни және мәдени қызметтерін қамтамасыз еткен ерекше тарихи мұра. Олар Сайрамның тек үстіндегі ғана емес, жер қойнауындағы тарихының да бай екендігін көрсетеді.

Орыстың танымал ғалымы М.Е.Массон 1925 жылы Сайрамда болған кезінде былай деп жазады: «Бұрынғы мешіттен қалғаны қырық күндік жерасты «Шілдеханасы» ғана. Оған түсетін жерден ойып жасалған 25 баспалдақ бар. Баспалдақтан түскен жерде биіктігі бір жарым метрдей, ені 2,2 метр, 1,8 метр келетін бөлме бар». Өкінішке қарай, біздің уақытымызға дейін бұл шілдехананың бөліктері сақталмаған. Мұндай фактілерді келтіре берсек Сайрам және Түркістан қалаларының төңірегінде көптеп кездеседі.

Енді жерасты жолдарына қайта оралсақ. Қаланың сыртына апаратын жерасты жолының болғаны жөніндегі деректер әлі табыла қойған жоқ. Дегенмен, бұл ақпаратты ешкім теріске де шығармайды. Түркістан (Яссы) қаласы мен Сайрам (ежелгі Исфиджаб) қаласының аралығындағы жолды Қожа Ахмет Яссауидің есімімен байланыстыратын аңыздар жеткілікті. Бұл аңызға айналған жер астындағы жасырын жолдың бір шеті жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша Сайрамдағы ескі Жұма мешіттен басталады екен.

1988 жылы Сайрамның солтүстік бетіндегі «Қырықмазар» жотасында шаруа қамымен жер тегістеп жүрген бульдозерші А.Сұлтанов жер астындағы ғимаратқа тап болады. Қазылып жатқан карьердің барлық жұмыстары тоқтатылып, өлкетану музей қызметкерлеріне хабар береді. Зерттеу нәтижесі бойынша, бұл табылған дүние мешіт те емес, жерасты жолы да емес, біздің эрамыздағы VII ғасырға тән будда монастыры болып шықты. Осы жерасты монастыры табылғанда бүкіл сайрамдық халық тосын жаңалыққа елең етіп, тұрған жерлері көне заманның тарихи құндылықтарына толы екенін сезінгендей болып еді. Жан-жақтан ғалымдар, археологтар, зерттеушілер, журналистер келіп, табылған үңгірдің сырын ашуға қызыққан болатын. Бірақ қазіргі таңда үңгір жауын-шашынның әсерінен толықтай құлап, бұзылған.

Үңгірлерді тану ісі мен жер асты жолдарын зерттеу не үшін керек? Ол адамзаттың тарихи-әлеуметтік аядағы даму эволюциясын танып-білу үшін қажет. Бүгінгі Сайрамның күмбірлеген күмбездері мен сағаналары сонау көне дәуірден сыр шертсе, жер астындағы үңгірлері мен жолдары да өз бойында жұмбақ сырларын жасырып жатыр. Бұл бағытта зерттеу жұмыстарын әлі де терең жүргізу қажет деп білеміз.

Суретте: «Сайрам» музейінде тұрған көне Сайрамның жерасты жолдарының бірінің макеті

Бабыржан ФАЗИЛОВ,
«Сайрам» музейінің ғылыми қызметкері

ҚАҢЛЫ ЗАМАНЫНАН ҚАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР

Қазақ даласы көне өркениеттер мен ұлы мемлекеттердің алтын бесігі саналады. Солардың бірі – б.з.д. III ғасыр мен б.з. V ғасыры аралығында өмір сүрген Қаңлы мемлекеті. Қаңлылар Орталық Азиядағы ең ірі мәдени-тарихи қауымдастықтардың бірі ретінде танылған. Бұл көне халықтың іздері қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде, әсіресе Шымкент қаласы мен оның маңында анық көрініс тапқан.



Қаңлылар – Орта ғасырлардағы Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі көшпелі-отырықшы мемлекеттердің бірі. Қытай, Парсы, Рим жазбаларында «Канцзюй» деген атаумен белгілі бұл халық өз заманында қуатты әрі мәдениеті дамыған ел болған. Олар егіншілікпен, мал шаруашылығымен, темір өңдеумен және керамика өндірісімен айналысқан.

Шымкент қаласының айналасы мен оған іргелес жатқан Түркістан облысының Сайрам, Төлеби, Қазығұрт аудандарында Қаңлы заманына тиесілі көптеген археологиялық ескерткіштер табылған. Бұл ескерткіштер қорғандар, қоныстар мен жерлеу орындары түрінде кездеседі. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетейік.

Алтынтөбе мекені – Шымкенттен оңтүстік-батысқа қарай 15 шақырым жерде орналасқан. Қаңлы заманына тән жерлеу рәсімдері мен тұрмыстық бұйымдар табылған. Ескерткіштен қазылып алынған керамика үлгілері сол дәуірдің озық қолөнерін көрсетеді. Ескерткіш оңтүстіктен солтүстік бағытта созыла тікбұрышты төбе болып орналасқан. Мекенжұрт аумағына қазба жұмыстарын 1979-1981 жылдары студенттік далалық археологиялық тәжірибе аясында Шымкент педагогикалық институтының археологиялық отряды жүргізді. Жетекшісі – А.Н.Подушкин.

Бадам-І Қарауылтөбесі – Қарабастау тұрғын алабынан оңтүстік-батысқа қарай 700 метр қашықтықта, биіктікте, Бадам өзенінің сол жағалауындағы терасасында орналасқан. Ескерткіштің төлқұжатында бұл археологиялық нысан – жеке оба. Археология институтының археологиялық экспедициясы Б.Ә.Байтанаев Испиджаптың күзет мұнаралары жобасы аясында қайта зерттеді. Алдын-ала мерзімделуі – I-IV ғғ.

Көкбұлақ Қарауылтөбесі, I-IV ғғ. Көкбұлақ тұрғын алабының орталығынан оңтүстікке қарай 500 метр жерде, Бадам өзенінің сол жағалауындағы терасасында, жартасты болып келетін биік қыраттың шетінде орналасқан. Сауалнамалық мәліметтер бойынша, бұл ескерткіш Қызылсенгір деп аталады. Оның түбіндегі диаметрі – 30-40 метр. Ескерткіш биіктігі шамамен – 4 метр, солтүстік пен оңтүстік беткейлер тік. Бұл жотаның пішініне және жел эрозиясына байланысты қалыптасқан. Шығыс пен батыс беткейлері ойпаттау. Жоғарғы бөлігінде диаметрі 10 метр аумақ тегістеу болып келеді. Қарауылтөбе Көкбұлақтың үстіндегі биіктікте орналасуының арқасында бүкіл аймақты көруге мүмкіндік береді. Бұл күзет пунктін сигналдық мұнара ретінде қызмет еткен. Ашық ауа райында осы Қарауылтөбеден қарау аймағы 10 шақырымнан асады.

Шымкент қаласы мен оның маңы – Қаңлы заманының ерекше тарихи-мәдени орталығы. Бұл өңірдегі көне ескерткіштер – тек археологиялық құндылық қана емес, сонымен қатар бүгінгі ұрпақ үшін ұлттың терең тарихынан сыр шертетін асыл мұра. Қаңлы заманының қалашықтары мен қоныстары болашақта тарихи туризм мен ғылыми зерттеулердің басты объектілерінің бірі болмақ.

Байсұлтан ТАЛХАТ,
Шымкент қалалық музейлер бірлестігінің
кіші ғылыми қызметкері

ҚОЛДАН ӨСІРІЛГЕН ІНЖУ: «MIKIMOTO» БРЕНДІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

«Mikimoto» – әлемдегі ең қымбат інжу бұйымдарын жасайтын бренд. Бұл брендтің қалыптасуының өзіндік тарихы бар.

Бүгінде Жапония медицинасы мен биотехнологиясы әлемде алдыңғы қатарда тұр. Бұл ел тек адамдарды емес, табиғаттың ең нәзік жаратылыстарына да күрделі операция жасай алатын деңгейге жеткен. Табиғи інжу – теңіз моллюскасының ерекше физиологиялық реакциясының нәтижесі. Ол – биоминералды материал, табиғи перламутрдың бірнеше жыл бойы бөгде затты қаптауы нәтижесінде түзіледі. Ал бұл ерекше табиғи процесті алғаш рет қолдан іске асырған адам – жапон кәсіпкері Кокити Микимото.



XX ғасырдың басына дейін табиғи інжумаржандарың құны ғауһар тастардан да асып түсті. Себебі адамдар інжумаржандарды жасанды өсіру әдісін меңгеріп, адамның аз ғана араласуымен жасанды түрде өсірілген інжумаржандар пайда бола бастады. Өсірудің бұл ерекше әдісі Жапонияда дамыды. Кокити Микимото бұл әдісті алғашқылардың бірі болып зерттей бастады. Інжумаржандардың сұлулығынан шабыттанған ол «Mikimoto» зергерлік бұйымдарының азиялық брендін қалыптастырды. Ол еңбекқорлықтың, кәсіпкерлік табандылықтың және өміріндегі ең жақын адам – сүйікті әйелі Уменің қолдауың арқасында осындай жетістікке жетті.

Кокити Микимото 1858 жылы кеспе шығаратын және сататын шағын дүкен иесінің отбасында дүниеге келген. Баланың мектепте білім алуға уақыты болмады, ол бала кезінен әкесіне пісірілген кеспе жеткізуде көмектесті және кәсіпкерлікке ебі болды. Ол туған ауылында мұхиттың түбінен інжу теретін сүңгуірлерді бақылайтын. Мұндай інжуді табу процесі өте қиын әрі қымбат болғандықтан, ол қарапайым халыққа қолжетімсіз еді. Сондықтан Микимото інжу устрицаларын қолдан өсіруге бел буады. Токиода өткен зергерлік көрмеде інжумен жасалған керемет өнер туындыларын көргеннен кейін бұл ойы оның нақты мақсатына айналады.

Әйелінің жасауына алған қаражатқа ол арманына бір қадам жақындап, шағын устрица фермасын ашады. Екі жылдан кейін Жапонияның ұлттық жәрмеңкесіне барған кезде, ол теңіз биологиясы саласындағы танымал маман профессор Каками Мицукурумен танысады. Профессор оған тек устрицаларды ғана емес, інжуді де өз қолымен өсіруді ұсынады. Бұл кеңес өте орынды болды, өйткені Кокити салған плантация қызыл балдырлардың тасқыны мен інжу устрицаларын жыртықшытардың жаппай аулауынан жойылып кету қаупінде тұрған еді. Какити зертханасында Микимото табиғи інжудің қалыптасу үдерісімен танысады. Егер моллюскалардың ішіне бөгде затты енгізсе, біраз уақыттан кейін ол інжу қабыршағымен қапталып, жаңа інжу түзіледі. Профессордың айтуынша, бұл идея қарапайым көрінгенімен, бұған дейін жасалған бірнеше талпыныстар сәтсіз аяқталған. Ал Микимото үшін бұл нағыз сынаққа айналды. Ол бірден тәжірибелер жүргізуге кірісті. Табиғи түсі бар, мінсіз домалақ інжу алу үшін моллюскалардың ішіне кішкентай саздан және әйнектен жасалған шар пішін орналастырды. Алайда перламутр қабаты пайда болмады. Көп жылдар бойы ол устрицаларды өзі жеке тексеріп отырды: ракушкалар арнайы торларға орналастырылып, толқын мен ағыс кезінде ағып кетпейтіндей жағдай жасады. Айналасындағылар оның тынымсыз еңбегін бекерге санап: «Жаман адам емес, тек інжуге әуестігі өкінішті»,

– деп айтатын. Бірақ оның арманын шын жүректен қолдаған жалғыз адам жары Умэ еді. Ол күйеуінің жанында болып, оның арманын шындыққа айналдыруға көмектесті. 20 жылғы сынақтардан кейін Американың Миссисипи өзеніндегі бір моллюскінің өзегі ғана басқа устрицаның ішіне салуға жарайтын боп шығады. 1893 жылы өнертапқыштың кезекті талпынысы нәтижелі болады: Умэ раковинаның ішінен кішкентай жартылай домалақ інжу алды. 1896 жылы бұл жетістік ресми түрде патенттеліп, тіркелді. Осылайша әлем тарихында тұңғыш рет жасанды жолмен өсірілген інжу пайда болды. Бұл жаңа зергерлік империяның бастамасы болатын.

Патент алғаннан кейін Микимото Жапониядағы Джима аралында інжу өсірумен және керемет зергерлік бұйымдар жасаумен айналысатын компания құрды. Кәсіпкер қызметкерлерді оқытуға қаржы аямайды, ол жапон зергерлерін Еуропаның ең үздік шеберлерінен тәжірибе алмасуға жібереді. Бастапқыда еуропалықтар інжудің түпнұсқалығына күмәнданады. Алайда көптеген зерттеулерден кейін олардың сапасы, сыртқы келбеті мен химиялық құрамы табиғи інжулермен бірдей екеніне көз жеткізеді.

Бір іс-шара барысында жапон кәсіпкері Микимото Томас Эдисонмен танысады. Эдисон мәдени інжуге қатты таңғалып, ерекше әсер алады. Өнертапқыш: «Менің зертханамда екі нәрсені жасау мүмкін емес, ол – ғауһар тас пен інжу», – деген екен. Эдисон інжуді жасанды жолмен алуға тырысқан, бірақ табысқа жете алмаған. Сол себепті ол Микимотоны ерекше құрметтеген. Осылайша жаңа азиялық бренд Еуропа мен Америка үшін басты інжу әшекей жеткізушісіне айналды. Еуропадағы жетістіктен кейін, компания інжу өсірудің жаңа технологияларын зерттеуді жалғастырды: алмұрт тәрізді пішіндегі және сирек кездесетін кара түсті інжулер пайда болды. Брендке інжуге ғауһар тасты енгізудің эксклюзивті технологиясы да тиесілі. Алайда кез келген «Mikimoto» туындысының орталық элементі – інжу. Қалған барлық асыл тастар тек қосымша рөл атқарады.



Жапон зергерлік өнерінің философиясы – табиғатпен үйлесімділік, сұлулыққа деген көзқарас, табиғи құбылысты ғылыми-технологиялық жолмен қайта жасау, кәсіпкерлік табандылық пен инновациялық ізденіс, Жапон мәдениетінің тереңдігі мен әйел рөлінің маңыздылығы, технология мен табиғат үйлесімі арқылы жаңа дәстүр қалыптастыру.

«Mikimoto» бренді – Жапония үшін дәстүрлі зергерлік бұйымдар. Оны көбіне үйлену тойына сыйға тартады. Жапондар үшін классикалық зергерлік әшекей – түрлі реңктегі інжу тізбегі. Кокитиден інжудің емдік қасиеттері туралы сұрағанда, ол былай деп жауап берген: «Әйел адам інжу тізбегін сыйлыққа алса, бірден көңіл-күйі жақсарыды. Мен білетін жалғыз емдік қасиет – осы».

Бүгінде «Mikimoto»-ның екі інжу тізбесіне Нью-Йорктегі Бесінші авенюдтен үй сатып алуға болады. Бұл – Жапон сапасының символы, көпжылдық зергерлік дәстүрдің көрінісі, табанды еңбек, кәсіпкерлік рух әрі інжуге шынайы қазына ретінде құрметпен қараудың тарихы. Ал Жапонияда, Миэ префектурасында, Тоба жағалауындағы Исэ шығанағындағы шағын аралда «Микимото Інжу аралы» музейі орналасқан.

Д.ТАУАСАРОВА



ТҮРКІЛЕНГЕН МОҢҒОЛДАР НЕМЕСЕ БІРТҰТАС ИМПЕРИЯ ТАРИХЫ

XIII ғасырдың басында Шыңғыс хан Еуразия даласында шашырап жүрген көптеген ру-тайпаларды бір тудың астына біріктірді. Сөйтіп бүкіл әлем жаңа «Моңғолия» алып мемлекетінің атауын естіді. Бірақ бұл атаудың астарында әлдеқайда күрделі, қызық тарих жатыр. Өйткені империяны құрған сарбаздардың көпшілігі түркі тілінде сөйлейтін, ал «моңғол» атауы саяси ұғым ретінде қолданылды.

1909 жылы орыс ғалымы К. Иностранцев «Саяси жағынан олар моңғол еді, бірақ этникалық тұрғыдан түрік болатын» деп жазған. Кейіннен ХХІ ғасырда белгілі көшпенділерді зерттеуші Н.Крадин: «Шыңғыс хан моңғол болған жоқ, ал моңғолдардың тарихы Шыңғыс ханнан бастау алды», – деп осы пікірді одан әрі айқындап берді. Демек, «моңғол» этникалық негіз емес, мемлекеттің ресми атауы болған. Ал уақыт өте келе моңғолдардың өздері түркілердің ықпалына түсіп, біртіндеп түркілену үдерісіне ұшырады.

XVII ғасырға келгенде моңғол әміршілері өзара талас-тартысымен әлек болып, ел әлсіреп, жоңғарлар мен маньчжур тайпасына оңай олжа болды. Шыңғыс ханның көне тілі біртіндеп ұмытылып, халха-моңғол тіліне айналды. Бұл тілдің өзегінде түркілік құрамдар молынан сақталды. Мұның өзі моңғолдардың түркі орталарына сіңісіп кеткенін айқын дәлелдейді. Алайда түркі ықпалы бұдан да ерте басталған еді. XIII ғасырдың басында Моңғолия жерінде наймандар, керейлер, татарлар, жалайырлар сияқты түркі тектес ірі тайпалар көшіп жүрді. Олар бір-бірімен құдандалы болып, сауда жасады, тіпті соғысып та отырды, бірақ аудармашыға зәру болған жоқ. Себебі тілдері ұқсас болатын. Мұның айғағы – Моңғолия аумағынан табылған көне түркі жазулары бар құлпытастар. Бұл тастар сол дәуірдің көшпелілерінің төлқұжаты іспетті мұрасы болды.

Шыңғыс хан құрған әскер де біртекті болған жоқ. Оның әскерінің едәуір бөлігі Дешті Қыпшақ даласынан шыққан қыпшақтар еді. Тіпті империяның батыс аймақтарында – Қазақстанда, Орта Азияда, Қырымда, Еділ бойында түркі тілі мемлекеттік тілге айналды. XIII ғасырдан XIX ғасырға дейін дипломатия мен ғылым, мәдениет пен әдебиет тілі түркі шағатай тілі болды. Бұл жағдай моңғолдардың өз тілін емес, түркі тілін өркениеттің басты құралы етіп қабылдағанын көрсетеді.

Моңғол билеушілері уақыт өте келе түркілермен араласып, исламды қабылдады. Билеуші әулет түркі аксүйектерімен құдандалы болып, өз тегін араластырды. Академик В.В.Бартольдтің айтуынша, Алтын Орда тарихын түркілік құрамынсыз түсіну мүмкін емес. Бұл Шыңғыс хан империясының жүрегінде түркілік құрамдарының басым болғанының дәлелі. Бүгінгі таңда қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар және басқа да көптеген халықтардың құрамында сол дәуірден қалған түркі-моңғол руларын кездестіруге болады. Бұл тарихта моңғолдардың этникалық тұрғыдан түркіленгенін тағы бір рет көрсетеді.

Негізінен түркілену процесі неден бастау алды? Ең алдымен бұл тілден басталды. Түркі тілі даладағы сауда мен қарым-қатынастың тілі болды. Содан соң дінге көшті: исламды түркілер бұрын қабылдаған еді, моңғол билеушілері де олардың сонынан ерді. Үшінші қадам – мәдениет пен тұрмыс. Көшпелі тұрмыстың дәстүрлері, салт-дәстүр, киім үлгісі – барлығы түркі өрнектеріне толы болды. Тарихшылардың айтуынша, моңғолдардың саны түркілерге қарағанда аз еді. Ал көпшілік түркі халықтары олардың арасында басым күшке айналды. Сондықтан моңғолдардың тілін сақтап қалуы мүмкін болмады. Керісінше, олар түркілерге бейімделді. Бұл құбылысты қазіргі тілмен айтқанда «ортағасырлық жаһандану» деуге болады. Әртүрлі тілде сөйлейтін, әртүрлі дінді ұстанатын халықтар Шыңғыс хан құрған империяда тоғысып, жаңа біртұтас өркениет жасады. Бірақ бұл өркениеттің өзегін, басты тірегін түркілер құрады. Сондықтан Шыңғыс хан мен оның мұрасы тек моңғол тарихы емес, бұл – моңғолдардың түркі әлеміне қосылу тарихы. Уақыт өте келе моңғолдар түркі халықтарының бір бөлігіне айналды, олардың мәдениеті мен болмысында еріп кетті. Қорытындылай айтқанда, моңғол деген атау империяның саяси аты болса да, этникалық тұрғыдан олар түркілердің ықпалынан шыға алмады. Түркілердің тілі, діні, мәдениеті моңғолдардың өмірін толықтай жаулап алды. Бүгінгі түркі халықтарының тарихында моңғол құрамдары болғанымен, жалпы бағытты түркілік негіз анықтап берді.

Ақниет ЖАРЫЛҚАСЫН,
«Ұлы Дала Елі» орталығының қызметкері

Сақ болыңыз!

КЕНЕДЕН КЕЛЕР ҚАТЕР КӨП

Канго-Қырым геморрагиялық қызбасы – бұл маусымдық ағымымен ерекшеленетін табиғи-ошақтық ауру. Аурудың өршуі мамырдан тамызға дейінгі кезеңде тіркеледі. 80% жағдайда диагноз 20 жастан 60 жасқа дейінгі адамдарда расталады. Табиғаттағы КГЛ негізгі тасымалдаушылары мен көздері әртүрлі кеміргіштер, үй және жабайы жануарлар (ірі қара мал, жылқы, ит, шошқа), сондай-ақ вирусты өмір бойы сақтап, оны ұрпақтарына тарататын кенелер болып табылады. Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін адамдарда ауру көбірек кездеседі.

Бұл аурудың қоздырғышын 1945 жылы кеңес ғалымы М.П.Чумаков әріптестерімен бірге ашып, Қырым геморрагиялық безгегі деп аталды. Алайда, тек 1970 жылы, Конго безгегі ашылғаннан кейін және Қырым геморрагиялық қызбасы мен Конго безгегін тудыратын қоздырғыштардың жеке басын куәландыратын дәлелдер алынғаннан кейін, осы инфекциямен айналысатын ғалымдар геморрагиялық қызба қоздырғышының ата-

уы туралы ортақ пікірге келді. Содан бері ол Конго-Қырым геморрагиялық қызба вирусы деп аталады.

Көбіне адам мұны вирус жұқтырған кене шаққанда, вирус ағзаға тері арқылы енгенде жұқтырады. Сондай-ақ, адам кенелерді жан-шығанда, вирус денеге микрожарықтар мен терідегі жаралар арқылы енген кезде де жұқтыруы мүмкін. Адамның КГЛ вирусына табиғи бейімділігі жоғары.

Қырым геморрагиялық қызбасының алғашқы белгілері кенеттен пайда болады. Ауру температураның 40 градусқа дейін көтерілуінен басталады. Күшті безгектің аясында науқастар бүкіл денеде әлсіздік пен ауырсынуды сезінеді. Бет, мойын, жоғарғы кеуде қуысының гиперемиасы, склера тамырларының және конъюнктиваның инъекциясы тән. Егер емделмеген болса, өлімге әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, өлім инфекциялық-уытты шок, өкпе қабынуы, қайталама бактериялық асқынудың нәтижесінде болуы мүмкін.

Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алудың ең жақсы жолы – кене шағуының алдын алу. Сондай-ақ, көгалға шыққанда сақтық шараларын қарастыру қажет.



Яғни аланды өңдегеннен кейін ғана лагерь құру керек, шөпке отыруға немесе жатуға болмайды.

Ж.ПАЙЗОВА,
Шымкент бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ Шымкент магистралдық газ құбырлары басқармасы филиалының «Ақбұлақ» СӨТ үшін 2025-2029 жылдарға арналған рұқсат етілген шығындылар нормативтері (РЕШН) жобасын түзету, РЕТН.ҚББ, ӨҚОБ, ТҚЖ жобалары. ҚОӘБ бөлімі: «Шымкент-4» газ тарату станциясы аумағындағы газды тазарту жүйесін жаңғырту; «Шымкент-4» газ тарату станциясында лаңкестікке қарсы қорғау жүйесін орнату жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналыс түрінде өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі: 42°16'01.8"N 69°44'21.6"E.

Қоғамдық тыңдаулардың күні, уақыты және өткізу орны: 2025 жылғы 21 қараша, сағат 11:00-де, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Базарқаппа тұрғын алабы №20 ғимараты, Қаратөбе Мәдениет үйі.

Аймақта карантин режимі енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция форматында өткізіледі, сілтеме бойынша:

Уақыты: 2025 жылғы 21 қараша, сағат 11:00

Конференция идентификаторы: 882 7024 3513

Қатысу коды: 5sTiik
<https://us05web.zoom.us/j/88270243513?pwd=yTRI4vwMgUQM25Xvx9VWgd5BpkJ4iT.I>
Жобаның бастамашысы – «Интергаз Орталық Азия» АҚ, БСН 9707400000392, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 160005, Шымкент қаласы, Қонаев көшесі, 83/1
Жобаларды әзірлеушілер: «SQUADRO GROUP» ЖШС, БСН 191040031207, мекенжайы: Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Бейімбет Майлин көшесі, 23 үй, тел.: +7 (708) 333-2208. «ЭЛКОН» ЖШС тел.: 8 (7252) 48 33 91. Пошта: elcon@elcon.kz.

Жоба құжаттамалары келесі интернет-ресурстарда орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=kk>

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс: a.nurzhanqyzy@ica.kz.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган – Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы, электрондық пошта: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, мекенжайы: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Түркістан көшесі, 11а ғимарат, тел.: 8 (7252) 24-75-66, 24-75-10.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Интергаз Центральная Азия» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний для обсуждения проектов:

"Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) для ЛПУ «Ақбулакское» филиала УМГ «Шымкент» АО «Интергаз Центральная Азия» отделение г. Шымкент на 2025-2029 года.НДС. ПУО.ПЭК.ППМ.

Раздел ООС «Модернизация системы очистки газа на территории ГРС «Шымкент-4»; Раздел ООС «Монтаж системы антитеррористической защиты Газораспределительной станции «Шымкент-4»».

Список административно-территориальных единиц проведение общественных слушаний: 42°16'01.8"N 69°44'21.6"E.

Дата, время и место проведения общественных слушаний: 21 ноября 2025 года в 11:00 часов по адресу город Шымкент, Енбекшинский район, Жилой массив Базарқаппа, здание № 20, Каратобинский Дом культуры.

На случай введения карантинного режима на территории общественные слушания будут проведены посредством видеоконференции, по ссылке: Время: 21 ноября 2025г 11:00

Идентификатор конференции: 882 7024 3513, код доступа 5sTiik.
<https://us05web.zoom.us/j/88270243513?pwd=yTRI4vwMgUQM25Xvx9VWgd5BpkJ4iT.I>

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ келесі жобаларды талқылау мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

«Интергаз Орталық Азия» АҚ Шымкент МГБ филиалының «Ақбұлақ» ЖӨБ үшін 2025-2029 жылдарға арналған атмосфераға ластанушы (зиянды) заттардың рұқсат етілетін шығарындыларының нормативтері жобасына (РЕШН) түзету енгізу» жобасы. РЕТН, ҚББ, ӨӘБ, ҚОҚЖ. «Шымкент-1» ГРС аумағында газ тазалау жүйесін жаңғырту ҚОҚЖ.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі: 42°22'18.8"N 69°55'44.4"E, 42°16'48.0"N 69°35'05.8"E.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізу күні, уақыты және орны:

2025 жылғы 21 қараша, сағат 15:00-де, Шымкент қаласы, Қонаев көшесі, 83/1, "Интергаз Орталық Азия" АҚ бас кеңсесі, конференция залы мекен-жайы бойынша өтеді.

Егер өңірде карантиндік режим енгізілсе, қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция форматында келесі сілтеме арқылы өткізіледі:

Уақыты: 2025 жылғы 21 қараша, сағат 15:00.

Конференция идентификаторы: 822 2548 5794. Қатысу коды: 9X7ym7

<https://us05web.zoom.us/j/82225485794?pwd=R76Yvh30bbcvhRgemF3pTlIV1bFCfj.I>

Бастамашының реквизиттері мен байланыс деректері: «Интергаз Орталық Азия» АҚ БСН: 9707400000392 Занды және нақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 160005, Шымкент қаласы, Қонаев көшесі, 83/1.

Жобаларды әзірлеушілердің реквизиттері мен байланыс деректері:

«SQUADRO GROUP» ЖШС.БСН: 191040031207. Занды мекенжайы: Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Бейімбет Майлин көшесі, 23 үй. Тел.: +7 (708) 333-2208. «ЭЛКОН» ЖШС. Шымкент қаласы, Момынов көшесі, 86. Тел.: 8 (7252) 48 33 91

Жобаның құжаттамасы орналастырылған бірінші экологиялық портал мен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурстары: <https://ndbecology.gov.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=kk>

Қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мен телефон нөмірі: a.nurzhanqyzy@ica.kz

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган – Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы, электрондық пошта: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, мекенжайы: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Түркістан көшесі, 11а ғимарат, тел.: 8 (7252) 24-75-66, 24-75-10.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Интергаз Центральная Азия» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний для обсуждения проектов:

Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) для ЛПУ «Ақбулакское» филиала УМГ «Шымкент» АО «Интергаз Центральная Азия» отделение г. Шымкент на 2025-2029 гг. НДС, ПУО, ПЭК, ППМ.;

Раздел ООС «Модернизация системы очистки газа на территории ГРС «Шымкент-1».

Список административно-территориальных единиц проведение общественных слушаний: 42°22'18.8"N 69°55'44.4"E, 42°16'48.0"N 69°35'05.8"E.

Дата, время и место проведения общественных слушаний: 21 ноября 2025 года в 15:00 часов по адресу город Шымкент, ул. Кунаева 83/1, головной офис АО «Интергаз Центральная Азия», конф.зал.

На случай введения карантинного режима на территории общественные слушания будут проведены посредством видеоконференции, по ссылке: Время: 21 ноября 2025г 15:00

Идентификатор конференции: 822 2548 5794, код доступа 9X7ym7.
<https://us05web.zoom.us/j/82225485794?pwd=R76Yvh30bbcvhRgemF3pTlIV1bFCfj.I>

Реквизиты и контактные данные инициатора: Акционерное общество (АО) «Интергаз Центральная Азия», БИН 9707400000392, Юриди-

ческий и фактический адрес: РК, 160005, РК, г.Шымкент, ул. Кунаева 83/1.

Реквизиты и контактные данные разработчика проектов: ТОО «SQUADRO GROUP». БИН 191040031207. Юридический адрес г.Астана, район "Алматы", улица Бейімбет Майлин, дом 23. Тел.: +7 (708) 333-2208. ТОО «ЭЛКОН». Город Шымкент улица Моминаева 86.Тел.: 8 (7252) 48 33 91.

Ссылка на единый экологический портал и интернет-ресурс местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту: <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru>

Электронный адрес и номер телефона для получения дополнительной информации: a.nurzhanqyzy@ica.kz

Электронный и почтовый адреса местного исполнительного органа, ответственного за организацию общественных слушаний - Управление развития комфортной городской среды города Шымкент, г.Шымкент, Аль-Фарабийский район, ул.Туркестанская, здание 11А, эл.почта: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz тел.: 8 (7252) 24-75-66, 24-75-10.

Орган по проведению экологической экспертизы - Департамент экологии по Туркестанской области Комитета экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА
Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың
29 мамырында ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
тіркеліп, мерзімді
баспасөз
басылымдарын есепке
алу туралы №10166-Г
күәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады
Газет «М-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй
Таралымы 3100 дана. Тапсырыс